

Расул ЖҮМАЛЫ,

саясаттанушы



«Көппен көрген – ұлы той» деуші еді атам казак. Елдің бірлігіне, халықтың бүтіндігіне үндеуші дұрыс-ақ накыл. Бірақ...

«Көптің сөзі – темір талқы, қисайғанды түзетер», «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген дана сөздер де баршылық. Бұл адамның өз ортасынан болынбай, оны қадір тұтуын мензейді. Көпшілік кателесуі ешқашан мүмкін емес. Себебі, көрген-білгені көп ақсақалдар, ақыл мен парасат иелері жол сілтеп отырады. Қайта келіспеске лаж

жок.

Десе де, осы көпшілік ғымы әу баста артылған мәнінен айырылып, бұрмаланған сияқты. Көпшіліктің бірімін деген жеке адамның ықтияры мен жауапкершілігін шектеуі өз алдына.

Әсіресе, бодандықта болған заманда көпшіліктің мысын коммунистік идеология басып тастады. Адам деген мемлекет-тің винтигі, түр десе түрып, жат десе жату керек деген ұран салтан-ат күрды. Ұжымнан болынбей, саппен жүру қағидаты мектеп табалдырығынан әркімнің миына күйылды. Көпшілікпен бірдей ойлау, бірдей сойлеу, бірдей дауыс беру аман калудың ғана емес, жарқын өмір мен сәтті карьераның алғышартына айналды. Партияның саясатын бірауыздан мақұлдау, басшылықты ұлықтау, бұнымен келіспегенді айыптап лағынет жаудыру кенін-ен етек жайды. Сондағысы мәселенің анық-қанығына үнілу міндет емес еді, жоғарыдан нұсқау түсссе жеткілікті. «Пастернақты оқымасам да, шығармаларын түла-бойыммен жек қоремін» секілді.

Билік пен көпшілік ажырамас ғымдар екенін дәріптеуші ойын ережелерін ХХ ғасырдың зұлматтарын бастан кешіріп, рухани сағы сынған қоғам да қабылдауға мәжбүрленді. Жүре-бара қалыс қалу немесе одан әрі көпшілікпен бірге қол қотермеу дорекілік ғана емес, мына біреу айдан түсті ме деген- реакция тугызатын болды. Осылайша көпшілік дегеннің сесі қоғам дамуының басты занын-а, азаматтардың құлқы мен жан-тәнін анықтайтын негізгі сипатына айналды.

Көпшілік ғымының осынау психологиялық күдіретін, балама қозқарас пен сыни ойды жоққа шығаратын қабілетін билік жақсы ұғынды. Онысын оңды-солды қажетіне жаратты. Уақыт өте ешкім қозімен қоріп, қолымен ұстамаса да көпшілік өзіндік өмірі бар субстанцияға айналды. Тіпті ең жағымсыз заңдар мен қаулылар сол көпшілікке арқа сүйей отырып қабылданды. Кезінде кириллица әліпбиіне өткенде, қазақ мектептерін жапқанда, қазақ жерлерін тын игеруге бергенде «басым- көпшіліктің өтінуінше» деген желеу – үгіт-насихаттың басты құралы бол-ғаны мәлім.

ТОБЫРЛЫҚ □ □ ТҮЙСІК

Осы ғымды естігенде әркімнің ойына ең алдымен жануарлар келетіні белгілі. Шынында да тобыр не үйірге бірігу – қоршаған ортадағы мақлұқтардың тірі қа-луы-ның бірден-бір жолы. Ондай топта әр мүшенің өзіндік орны белгіленген – бірі басшы, екіншісі – сақшы, үшіншісі – қосшы дегендей. Бұл иерархияда жоғары орналасқандар тиісті абыройға иелік етіп, қалғандары оның үкі-міне толық ба-ғынуга әзір. Сондай отарлық түйсіктің айқы-н мысалын 1986 жылы Британиядағы Корнуолл кентінде бол-ған оқиғадан кө-реміз. Бірнеше мың қой бар отардың серкесі неліктен екені белгісіз, биік жартастан төнізге секіргенде оның сонынан еріп, қой-дың бәрі қырылған.

Танғаларлық қоры-нер, бірақ ғалым-дардың пайымынша осындай соқыр бағыныш адам баласына да тән екен. Басшысын сайлап, оған өзінің атынан сойлеу қықын беріп, лауазым ұсыну – соның бір қорынісі. Осы орайда- Лидс университетінің ғалымдары жасаған әлеуметтік сынақ-қа назар салсақ. Олар екі жүздей адамды үлкен залға жинап-, бір-бірімен сойлесуге тыйым салған және қалаған бағытт-а жүруін тапсырған. Сол топтың ішінде жасырын микрофон арқылы екі-үш адамға белгілі бір бағытта жүруіне нұс-қау берілген. Ақырындап қадамы нық әлгі екі-үшеудің артынан осылар жолды біледі-ау деген сеніммен қалғанның бәрі ілесе кеткен. Сондағысы адамдар оларды әлдебіреу басқарып отырғанын сезінбеген. Зигмунд Фрейд бұл қыбылысты- ақпарат жеткіліксіздігі жағда-йында адам баласындағы тобыр-лық түйсікке жүгінудің бірінші орынға шығуымен түсіндірген.

Қоптеген жағдайда ақпараттың тапшылығымен қатар ондай түйсікке шешім қабылдаудың жылдамдығы әсер етеді. Әдетте белгілі бір ұйғарымға келу үшін адам ойлану керек, түрлі деректерді салыстырып сараптан откізу керек. Оған уақыт пен күш кетеді. Ал адам-ға қопшілік атынан дайын шешім ұсынылса, соны қабылдай салу оңай қорінеді. Жүрт-тың бәрінің тандауы осы болса, басқа амал жоқ. Қалай болғанда не істесе де өзіне қопші-ліктің зиян келтірмейтінін біледі де, олай болса бұл тандау- маған да кесірін тигізбес деп пайымдайды әр пенде.

Психологтар бұндай әдетті кішкентай балалардың ересектерге еліктеуіне, олар сықылды сойлеуіне, олардың қылық-тарың қайталауына үксатады. Себебі, буыны әлі қатпаған, ақылы толыспаған бала қайсының дұрыс, қайсының бұрыс екенің аңғармайды. Сойтіп барып- өмірден түсінігі бар, тәжірибесі жеткілікті дегендерге автоматты түрде еліктейді. Дәрігерлер үлкендерге балалардың қозынше темекі тартпауға, арақ ішпеуге, дорекі соз айтпауға кенес беретіні де сондықтан.

ЖАЛГЫЗДЫҢ ШАНЫ ШЫКПАС

Адам бойындағы осындай әлсіздік мен сенгіштікті түрлі алаяқтар, әсіре діншілдер, арам саясаткерлер өз пайдасына асыруға ұмтылатыны түсінікті. Сол себепті аталғандардың әрқайсысы ғалымдарды, тиісті саланың мамандарын не болмаса еркін ойлы азаматтарды, тәуелсіз баспасөзді жақтырмайды. Ойткені, олар әр мәселенің анық-қанығына жеткісі келеді, үнемі күмәнданады, ынғайсыз сұрақтар қояды. Оларға жауап беру мен өз шешімінің дұрыстығын дәйектеудің машақаты өз алдына-, бұл қатардағы қоғам мүшесінің деңгейіне түскен билеушінің мәртебесіне нұқсан келтіруі ықтимал. Ал, онысы тобырлық түсіктің бол-мысына қарама-қайшы.

Алайда адамзат тарихында тың жаналықтарды ашқан, оркендеуге бағыт берген түлгаларға зер салсақ, негізінен тобырлық түсікке бағынбаған, ізденімпаз жандар екенін көреміз. Алайда енді жоғары мансапқа жеткен бойда солардың талайының тобырлық санаға басымдық бергені байқалады. Себебі, кез келген жана-шылдық олардың қосбасшылығына қауіп төндіруі мүмкін. Демократияшыл боп бастаған Фидель Кастро, Владимир Путин, Аскар Акаев және басқалардың жылдар өте менменшіл билеуші боп өзгеріп шыға келгені айтылғанға дәлел. Айналып келгенде осындай түлгалар мен олардың серік-тестері, қосшылары мен сәтшілері белгілі қоғамның «алтын 5 пайызын» құрап, өздеріне ынғайлы тәртіп орнатады. Қалған 95 оған мүлтіксіз бағынады. Билікті сақтап қалуға бекінген қандай да авторитарлы жүйенің консервативті болуы сондықтан.

Орта деңгейдегі тобырлық түсіктілерге келсек, олар да жанашылдыққа ұмтылмайды. Тек, жеке басының қауіпсіздігі мен мүлкіне қатер төнсе ғана батыл әрекеттерге баруға дайын.- Қалған жағдайда билік басына кім келсін оны мадақтауға, кеше ғана күнкөсем көрген алдыңғы басшыны жамандауға даяр тұрады. Жек-көріністі көрінгенімен бұндай екіжүзділік те – тобырлық табиғаттың талабы. Нақты қозғалыстары әлі қалыптаспағандықтан төменгі сатыдағылар жарқын болашақ пен әлеуметтік мәртебесін осыруды уәде еткен кез келген популисті қолдауға әзір.

Осыдан келіп билік түсінігіндегі көпшіліктің өзі өте бұлыңғыр екенін аңғарамыз. Көріп отырғанымыздай, бірінші кезекте жеке басының қамын ойлаған мансапқұмарлар сол көпшіліктің жаршыларына айналады. Формалды түрде ондайлар билік партиясының

мүшесі болуы мүмкін. Айталық, Кенес Одагында коммунистік партия мүшеле-рінін саны 8 миллионга, ал комсомол мүшелерінін саны 15 миллионга жететін. Сонымен қатар, шынайы балама болмағ-андықтан не басшылықтын нұсқауымен сайлауларда көпшілік билікке дауыс беруі мүмкін. Тіпті бұған дейін ас-вйде сол билікті жамандаса да. Себебі, ойында баяғы көпші-ліктен шығып қалмау қорқынышы, жалғыз өзім не бітіре-мін, басым бөлеге қалып жүр-мей ме деген үрей үстем бо-лады.-

Әлбетте, өз пікірі бар, айтылғанның бәріне қоз жұма илана бермейтіндерді кәсіп-орын қожайыны, партия мен мемлекет серкелері үнат-пай-тыны белгілі. Сондықтан, үжымда бұндай жаман әдетке жол бермеу мақсатында әлгі-лерді жұмыстан қуады, сот-тайды, елден безуге мәжбүр етеді, қысқасы амалын тауып үнін өшіреді. Бұл өмірлік сабақ-ты үғынған қалғандары бұрынғыдан бетер жалтақ, қонғиш, бастық не десе де, тіпті намысына тисе де тозуге бейімдел-еді.

ӨЗІН ҚАНДАЙ БОЛСАН,

БАСШЫН ҚОНДАЙ

Бірақ, сескеніс, білімсіздік, әр нәрсеге сыни қозбен қарай аламаушылық, немқұрайлық жайлаған топтың қолдауы өз алдына алдамшы дүние. Тарихта бұл тұзаққа талай билік түскен, әлі де түсетін түрі бар. Мәселен, 1991 жылдың қок-темінде өткен референдумда Кенес Одағын сақтап қалуга алып империя азаматтарының 93 пайызы дауыс берді. Оның ішінде Қазакстан да болған. Алайда арада жарты-ақ жылдан кейін Ельцин, Қравчук және Шушкевич КСРО-ның жо-йылатыны жайлы шартқа қол қойғанда оны қолдаған әлгі 250 миллион халық ләм-мим демеді. Біреуі де қоше мен аланға шығып наразылық біл-дірмеді. Ал, әлгі көпшіліктің өтірік қолдауына иланған КСРО қосемдері сол қүйлі құрдымға кете барды.

Осындай адасқандық басқа да елдер мен олардың қосемдерінің басынан өтті. Муссолини, Чеушеску, Мубарак, Қаддафи, Бен Али, Салех – осылардың бәрі президенттік сайлауларда 90 пайыздан жоғар-ы дауысқа иелік етіп, соңғы сәтіне дейін халқының қосіз сүйіспеншілігіне иемін деп сенді. Ақыры қешегі жуас азаматтары

Ұйымдастырған дүмпулердің құрбанына айналды. Яғни, авторитарлық ортада сайлаудағы дауыс артқан са-йын, құдіктің де көбейетіні хақ.

Әрбір ұлттың тарихында қошбасшының маңызы зор. Тіпті Уинстон Черчилль «ешқан-дай адамзаттың тарихы жоқ, бары – жеке тұлғалардың өмірбаяны ғана» деген екен. Мәселе тарихтың ше-шүш-і сәттерінде сақнаға Ататүрк, Гавел секілді елін биікте-рге көтерген даныш-пандармен қатар керісінше барына-н айырылып, халқын апатқа ұшыратқан тұлғалар шығып тұрады. Ол жайында Наполеон «қойдың арыс-тандарды бастағанынан гөрі, арыстанның қойды бастағаны артық» деген.

Өкініштісі, қоғам неғұрлым ұйқыда болса, ал демократия талаптары еленбесе, ондай елдің тізгіні кездейсоқ сая-сат-керлердің қолында кетуі де соғұрлым ықтимал. Ойткені, ол дебатқа шығу, өткір сұрақтарға жауап беру, өмірінде жемқорлыққа, басқа зан-бұзушылыққа бармағанын дәлелдеу, өділ сайлау сияқты демократиялық өзгіден өт-пеген. Осылайша басқалардан артықшылығын ашық күресте көрсет-пеген. Ал, тағдырлы шешім жабық есік жағдайында қабылданса, билік басына жеке басының қамын тұтас халық-тан жоғары қойған саясаткерлердің келу мүмкін-дігі артады. Сорақысы сол, бұдан келіп туын-дайтын дағдарыстың жүгін бүкіл ел көтеруге мәжбүр болады. Нәтижесінде мықты, әлеуеті зор деген ұлт-тардың өздері естен- танарлық соққы алған.

Демек, кез келген мемлекеттің тұрақтылығының қайнар көзі – ондағы көпшіліктің белсенділігі, білімпаздығы, жауапкершілігі. Бұны қара-пайым азаматтар ғана емес, лауазым- иелері де түсінуі қажет. Себебі, іс насырға шапса-, кесірі өздерін де айналып өтпесі анық. Өз алдына саясат та – аса маңызды іс болғандықтан, сол қоғамдағы әрбір азаматтың өміріне тікелей әсер ететіндіктен, оның тізгінін саясаткерлерге ұстатып қоюға болмайды. Сайып келгенде, дұрыс саясат – жеке біреудің меншігі емес, қоғамның тікелей бақылауы бол-ғанда ғана жүзеге асады.

P.S. Хәкім Абайдың жиырма үшінші қара сөзін еске тағы бір түсірсек: ...Қазақтың жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр гөй, көппен қорған ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасан болады деп. Көпке қаңарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреу-ден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер біле-түгін кісінің қерегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің атының арығаны жақсы- ма? Жоқ, жармысы арыса,- жармысының құйлісі жақсы ма? Жүт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма?

Жарым-жартысынын аман калганы жаксы ма? Осы коп акымактын бір акымакка несі жубаныш? Түкымымызбен ауымыз сасык болушы еді деген- жаман күйеу калын-дыгын жөніп пе? Конілін сол сөзі разы кылуга жетіп пе? Енде-ше, кобіннен калма, сен де аузынды сасыта бер деп пе?!

Автордын пікірі редакциянын устанымына сай келмеуі мүмкін.